



## Узаков Ясин Маликович

техника ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, зерттеуші- профессор

### **Білімі мен мансабы:**

Институтты бітіргеннен кейін (Қаз.ХТИ) 1973 жылы Алматы ет-консерві комбинатына бағытталған. 1980 жылы ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтын бітірген. 2002 жылы Алматы технологиялық университетінің профессоры ғылыми атағы берілді. 2006 жылы техника ғылымдарының докторы ғылыми атағын алу үшін диссертация қорғады. РФ Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестаттау комиссиясының 2006 жылғы 1 желтоқсандағы №47д/41 шешімімен техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. 2008 жылы ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі ғылыми атағы берілді. 2014 жылы РФ азық-түлік қауіпсіздігі академиясының академигі ғылыми атағы берілді.

### **Зерттеу бағыты:**

- ет шикізатын кешенді қайта өңдеуге байланысты іргелі және қолданбалы сипаттағы зерттеулер;
- жергілікті шикізаттан ақуыз қоспаларын қолдану арқылы функционалды ет өнімдерін әзірлеу;
- ет-өсімдік шикізаты негізінде құрама ет өнімдерін жетілдіру;
- ҚР ет саласының дамуын болжау;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру жобаларының жетекшісі және жауапты орындаушысы, докторанттар мен магистранттардың ғылыми кеңесшісі.

### **Ғылыми жарияланымдар:**

560 астам ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде: 12 монография, 14 оқулықтар мен оқу құралдары және 40 ҚР патенттері. "Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" АҚ жүргізген дәйек сөздеудің қазақстандық базасында 2008-2012 ж. жарияланған белсенділігі жоғары Қазақстан ғалымдарының тізіміне (140 ішінде 11 орын) енді. 2РФ техника ғылымдарының докторы, 2 PhD докторы, 45 техника ғылымдарының кандидаты және техника ғылымдарының магистрлерін дайындады.

### **Марапаттар:**

2016 және 2017 жылы ҚР мал шаруашылығы және ет өңдеу өнеркәсібінің жағдайы туралы жоғарыда аталған форумда баяндама жасады.

2008-2017жж. кезеңінде Я. М. Узаков студенттер, магистранттар және докторанттармен бірге РФ Мәскеу қаласындағы жыл сайынғы ресейлік "Алтын күз" агроөнеркәсіптік көрмесіне белсене қатысады.

Инновациялық технологиялар бойынша көрмеде ұсынылған ет өнімдері үшін 18 алтын медальмен және 4 күміс медалімен марапатталды.

2012-2017 жж. - Узаков Я. М. студенттермен, магистранттармен, докторанттармен бірге "Агропродмаш" халықаралық көрмесіне қатысып, 7 алтын медальмен, 3 күміс медалімен және 6 құрмет дипломымен марапатталды .

Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы жетістіктері үшін Узақов Ясин Маликович "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" төс белгімен марапатталды.